

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 ақпандағы N 169 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 21 ақпандағы N 252

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының мұнай-газ кешеніне шет ел инвестицияларын тарту және "Амоко" (АҚШ) компаниясымен экономикалық ынтымақтастықты кеңейту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 ақпандағы N 169 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

2-тармақтың бірінші абзацы алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. "Амоко" компаниясына" тараптардың келісімі бойынша оның мүмкін болатын ұзартылуымен жиырма ай мерзімге:

Оңтүстік Ембі блоктарын барлау және игеру жөніндегі;

Каспий теңізі қазақстандық секторының төрт блогын барлау және игеру жөніндегі;

"Қазақстанкаспийшельф" акционерлік қоғамы мен консорциумның шетелдік қатысушыларының арасында келіссөз жүргізіліп жатқан Каспий шельфінің қазақстандық секторын игеру кезінде өнімдерді бөлісу туралы Келісімнің шарттары бойынша "Қазақстанкаспийшельф" акционерлік қоғамы мердігердің үлесінен ала алатын қатысу үлесінен процент алу туралы Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі

министрлігі мен "Амоко" компаниясының арасындағы Келісім жөніндегі жобалар бойынша Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен келіссөздер жүргізуге эксклюзивті құқық берілетін болады".

3-тармақ 4-тармақ болып саналсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК